

География пәнінен облыстық олимпиада 2025-2026

9 сынып, 2 тур

Бұл тур 1 ұпайлық (30 ұпай) 30 тест сұрақтарынан және 10 ұпайлық (20 ұпай) есептеуге арналған 2 тапсырмадан тұрады.

Бұл олимпиада үшін алуға болатын ең жоғары ұпай – 50.

Олимпиаданы орындау уақыты: 90 минут (1.5 сағат).

Тест сұрақтары

Бес жауап нұсқасынан **тек бір** жауапты таңдаңыз.

Назар аударыңыз: кейбір жауап нұсқалары бір парақтағы бірінші бағаннан екіншісіне немесе екінші бағанның соңынан келесі парақтың бірінші басына ауыстырылады. Таңдау жасау кезінде осы жауап нұсқаларын міндетті түрде ескеріңіз.

1. Химиялық үгілуді қандай жағдайлар ең жылдамдатады?
A. Төмен температура және жоғары ылғалдылық
B. Жоғары температура және жоғары ылғалдылық
C. Жоғары температура және төмен ылғалдылық
D. Жиі болатын аяздар
E. Қышқылдар түзетін тірі организмдердің көп саны
2. Неліктен ежелгі платформалар көбінесе тегіс жер бедерімен сипатталады?
A. Тектоникалық белсенділіктің төмен немесе мүлдем болмауы
B. Тау жыныстарының біркелкілігі
C. Ұзақ мерзімді тегістеу және эрозия
D. Мұздықтардың болмауы
E. Тұрақты климат
3. Төмендегі елдердің қайсысында халқының ең көп пайызы буддизмді ұстанады?
A. Үндістан
B. Қытай
C. Бангладеш
D. Моңғолия
E. Непал
4. Төменде аталған елдердің қайсысы Португалияның отары болған?
A. Филиппиндер
B. Мексика
C. Египет
D. Гвинея-Бисау
E. Намибия
5. Төмендегі елдердің қайсысы федеративті мемлекет болып табылады?
A. Эфиопия
B. Индонезия
C. Филиппиндер
D. Боливия
E. Италия
6. Ыстық әрі құрғақ жазы және жұмсақ әрі ылғалды қысы бар аймақтарға қандай климат тән?
A. Тропикалық муссондық
B. Континенттік
C. Жерорталық
D. Экваторлық
E. Субарктикалық
7. Меркатор проекциясы нені сақтайды?
A. Аудан
B. Қашықтық
C. Бұрыштар мен пішін
D. Жел бағыты
E. Биіктік
8. Төмендегі көлдердің қайсысы тектоникалық-рифттік шығу тегі бар?
A. Селигер
B. Арал теңізі
C. Севан
D. Ньяса
E. Сарез
9. Халқының тығыздығы ең жоғары ел
A. Монако
B. Сингапур
C. Мальдив аралдары
D. Бахрейн
E. Мальта

10. Дамыған елдердің экономикасының жетекші секторы

- A. Ауыл шаруашылығы
- B. Өндіруші өнеркәсіп
- C. Өңдеуші өнеркәсіп
- D. Қызмет көрсету
- E. Қолөнер

11. Тепуилер - үстел тәрізді таулар, қай жерде орналасқан?

- A. Патагонияда
- B. Гвиана қыратында
- C. Бразилия үстіртінде
- D. Гималайда
- E. Дарфур үстіртінде

12. Фосфор тыңайтқыштарын өндіру кәсіпорындарының орналасуындағы негізгі фактор:

- A. Энергетика
- B. Шикізат
- C. Тұтынушы
- D. Көлік
- E. Еңбек

13. Ең биік толқындар қай мұхитта таралған?

- A. Тынық мұхиты
- B. Солтүстік мұзды мұхит
- C. Атлант мұхиты
- D. Үнді мұхиты
- E. Оңтүстік мұхит

14. Қазақстанда ірі негізгі мұнай өңдеу зауыттарының саны қанша?

- A. 1
- B. 2
- C. 3
- D. 4
- E. 5

15. Шекарасы өзен арқылы өтетін еуропалық елдердің жұптарын таңдаңыз.

- A. Украина — Румыния
- B. Грекия – Италия
- C. Норвегия – Швеция
- D. Италия – Швейцария
- E. Финляндия – Эстония

16. Ылғалдылық коэффициенті 1-ге тең биомды таңдаңыз:

- A. Қоңыржай ормандар
- B. Бореаль ормандар

C. Шөлдер

D. Дала

E. Саванналар

17. Қазақстандағы ең биік және ең төмен нүктелер арасындағы айырмашылық

- A. 7120 м
- B. 7123 м
- C. 7127 м
- D. 7131 м
- E. 7132 м

18. Беткі жамылғысының сипатына қарай хамада (гаммада) шөлі қай шөл түріне жатады?

- A. Құмды
- B. Сортаң
- C. Тасты
- D. Сазды
- E. Қиыршықтасты

19. Маятниктік миграция немен байланысты?

- A. Мигранттардың тарихи отанына оралуы
- B. Басқа елге тұрақты түрде көшу
- C. Жұмысшылардың ауылшаруашылық аймақтарына маусымдық көшуі
- D. Қолайсыз экология жағдайларына байланысты жаңа тұрғылықты жер іздеу
- E. Жұмысқа немесе оқуға тұрақты түрде барып-келу

20. Төмендегі тізімнен ең сұйық лаваны атаңыз

- A. Риолиттік лава
- B. Андезиттік лава
- C. Базальттік лава
- D. Дациттік лава
- E. Граниттік лава

21. Төменде көрсетілген валюталардың қайсысы Албанияға тиесілі?

- A. Лев
- B. Лек
- C. Еуро
- D. Крона
- E. Лей

22. Қай қала экваторға ең жақын?

- A. Найроби
- B. Сингапур
- C. Кито

- D. Кампала
- E. Либревиль

23. Тарихи тұрғыда фин-угор тілдік отбасына жататын, бірақ:


- Үнді-еуропалық халықтар басым аймақта тұратын
- айналасындағы халықтардың тілдеріне туыстас емес тілге ие халық
- A. Болгарлар
- B. Чехтер
- C. Молдавалар
- D. Венгрлер
- E. Албандар

24. Қай өзен Солтүстік Мұзды мұхитқа құймайды?

- A. Обь
- B. Енисей
- C. Лена
- D. Амур
- E. Маккензи

25. IV кезеңдегі өтпелі кезеңінің негізгі демографиялық ерекшелігі

- A. Туудың жоғары деңгейі
- B. Өлімнің жоғары деңгейі
- C. Туу және өлімнің төмен деңгейі
- D. Табиғи өсімнің жылдам өсуі
- E. Нәресте өлімінің артуы



Берілген картаны пайдаланып, 26-27 сұрақтарға жауап беріңіз.

26. Картадағы аймақтарды Оңтүстік Американың табиғи зоналарымен сәйкестендіріңіз:

- A. А - Серрадо, Е - Монте, Н - Кампос, І - Чако
- B. А - Серрадо, Е - Патагония, Н - Пампа, І - Льянос
- C. А - Льянос, Е - Пантанал, Н - Пампа, І - Чако
- D. А - Эспиналь, Е - Патагония, Н - Пуна, І - Гайана саваннасы
- E. А - Льянос, Е - Пантанал, Н - Кампос, І - Гайана саваннасы

27. Берілген аймақтардың қайсысында әлемдегі ең құрғақ шөл орналасқан?

- A. D
- B. E
- C. F
- D. G
- E. H

28. Анықтама бойынша анықтаңыз Қазақстанның облысын анықтаңыз: Әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс), елдегі аумағы бойынша ең ірі облыстардың бірі. Ол екі елмен және Қазақстан ішіндегі алты облыспен шектеседі.

- A. Маңғыстау
- B. Павлодар
- C. Түркістан
- D. Ақтөбе
- E. Жамбыл

29. Неліктен тропикалық циклондар қоңыржай циклондарға қарағанда қарқындырақ?

- A. Су беті көбірек
- B. Тропосфераның биіктігі жоғарырақ
- C. Құрлықтың көп болуы
- D. Ылғалдылық көрсеткіші жоғарырақ
- E. Табиғи кедергілер жоқ

30. Картаның бұрмалануы әдетте қай аймақта ең үлкен?

- A. Экватор
- B. Тропиктер
- C. Қоңыржай ендіктер
- D. Полярлық аймақтар
- E. Орта ендіктер

1-бөлім. Демографиялық есептеулер

1. Келесі деректерді қолдана отырып, еңбекке жарамды халықтың (15-64) пайызын және санын, сондай-ақ еңбекке жарамды 100 адамға шаққандағы демографиялық жүктемені (жүздікке дейін жуықтаңыз) табыңыз:[3]

- Жалпы халық саны: 6 200 000 адам
- 0-14 жас аралығындағы халық үлесі: 29%
- 65 жастан асқан халық үлесі: 14%

2. Егер X еліндегі халықтың табиғи өсімі жыл сайын 0,5%-ге төмендейтінін ескере отырып, кестедегі бос орындарды толтырыңыз: [4.5]

Жыл	Жыл басындағы халық саны	Табиғи өсім көрсеткіші (%)	Халық санының жылдық өсуі	Миграция сальдосы/жыл	Жыл соңындағы халық саны
2025	18 300 000	+7‰		-12 000	
2026				-12 000	
2027				-12 000	
2028				-12 000	
2029				-12 000	
2030				-12 000	

1-сызба. X елінің демографиялық статистикасы


3. Толтырған кестеңізге сүйене отырып, мынаны анықтаңыз:

- ◆ Халықтың жалпы табиғи өсімі, [1]
- ◆ Халықтың табиғи өсімінің қандай үлесі (%) миграциямен «сіңірілді» (жүздікке дейін жуықтаңыз), [1]
- ◆ Миграцияны ескере отырып, 2030 жылға қарай халық санының жалпы өсуі. [0.5]

2-бөлім. Картография

Келесі бетте Сарымсақты жотасының таулы аймағын көрсететін, градус және километрлік координаталық торлары бар топографиялық карта берілген.

1. Картаның масштабын анықтаңыз. Өрекетіңізді рет ретімен сипаттап, қалай есептеп тапқаныңызды көрсетіңіз. [1]
2. Картада көрсетілген аумақтағы биіктіктің максималды айырмашылығын есептеңіз. [1]
3. Таутекелі өзені қай бағытта ағады? [1]
4. Картаны пайдаланып, Алтайка тауының шыңынан Карагай тауына дейінгі бағыттың азимутын анықтаңыз. [1]
5. Таутеке тауы шыңының географиялық координаталарын анықтаңыз. Жауапты «градус - минут - секунд» форматында көрсетіңіз. [2]
6. Картадағы солтүстік бөлікте қызыл түспен белгіленген аумақта 63 975 ағаш бар. Осы аумақтағы ағаштар арасындағы орташа арақашықтықты анықтаңыз. [2]
7. Байберды және Алтайка тауларының шыңдары арасындағы беткейдің еңістігін (уклон склона) анықтаңыз. [2]



1-сызба. Сарымсақты жотасының топографиялық картасы